

«МЕКТЕП МЕДИЦИНАСЫ» ЭЛЕКТИВТІК ПӘНІН «ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА» МАМАНДЫҒЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БӨЛІГІНДЕ ОҚЫТУ

Ж.К. ШАЙХИНА, Г.Н. ТАЛИЕВА, В.Н. ПРИЗ, К.Е. АМРЕЕВА, Г.А. БАКАРАМОВА

Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан

Шайхина Ж.К. – <https://orcid.org/0000-0002-2640-704X>

Талиева Г.Н. – <https://orcid.org/0000-0001-9119-8830>

Приз В.Н. – <https://orcid.org/0000-0001-5633-8797>

Амреева К.Е. – <https://orcid.org/0000-0001-8188-3981>

Бакарамова Г.А. – <https://orcid.org/0000-0002-1876-3669>

Citation/

библиографиялық сілтеме/
библиографиялық ссылақ:

Shaikhina ZhK, Taliyeva GN, Prize VN, Amreyeva KE, Bakaramova GA. Training of elective discipline «School Medicine» within the educational program of the specialty «General Medicine». West Kazakhstan Medical Journal. 2022;64(2):111-115

Шайхина ЖК, Талиева ГН, Приз ВН, Амреева КЕ, Бакарамова ГА. «Мектеп медицинасы» элективтік пәнін «Жалпы медицина» мамандығының білім беру бағдарламасының бөлігінде оқыту. West Kazakhstan Medical Journal. 2022;64(2):111-115

Шайхина ЖК, Талиева ГН, Приз ВН, Амреева КЕ, Бакарамова ГА. Обучение элективной дисциплины «Школьная медицина» в рамках образовательной программы специальности «Общая медицина». West Kazakhstan Medical Journal. 2022;64(2):111-115

Training of elective subject «School Medicine» within the educational program of the specialty «General Medicine»

Zh.K. Shaikhina, G.N. Taliyeva, V.N. Prize, K.E. Amreyeva, G.A. Bakaramova
Medical University of Karaganda, Karaganda, Kazakhstan

The article presents an analysis of the educational program of the elective subject «School Medicine» for the specialty «General Medicine». The educational program systematizes the final learning outcomes in accordance with the Dublin descriptor, identifies the goals and objectives of training. School medicine is the basis of preventive medicine. In universities, the main document is the educational program. The educational program briefly reflects the structural content of the discipline and implements the goals, objectives, final results of the discipline, the form of academic work, as well as an assessment of the achievement of the goals. School medicine as a scientific field of medicine and a practical field of healthcare is adapted to the justification and development of preventive measures aimed at preserving and strengthening the health of adolescents. «School Medicine» analyzes the influence of the environment and social environment on comfortable and health-threatening causes, evaluates and predicts their impact on the growing organism. The team of authors received a certificate of entering information into the state register of rights to copyrighted objects on the elective subject «School Medicine» dated June 14, 2021 No. 18681.

Keywords: *health care, educational program, school medicine, General medicine, elective discipline*

«Мектеп медицинасы» элективтік пәнін «Жалпы медицина» мамандығының білім беру бағдарламасының бөлігінде оқыту

Ж.К. Шайхина, Г.Н.Талиева, В.Н. Приз, К.Е. Амреева, Г.А.Бакарамова
Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан

Мақсаты. Мақалада «Жалпы медицина» мамандығына арналған «Мектеп медицинасы» элективтік пәнінің білім беру бағдарламасына талдау ұсынылған. Білім беру бағдарламасында Дублинді дескрипторға сәйкес оқытудың соңғы нәтижесі жүйелендіріліп, оқытудың мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Мектеп медицинасы – профилактикалық медицинаның негізі болып табылады. Жоғарғы оқу орындарында негізгі құжат – білім беру бағдарламасы. Білім беру бағдарламасында пәннің құрылымдық мазмұны – қысқаша түрде көрсетіледі және де пәннің мақсаты, міндеті, соңғы қорытындысы, оқу жұмысының формасы, сонымен қатар қойылған мақсаттардың қол жетімділігін бағалаумен іске асырылады. Мектеп медицинасы медицинаның ғылыми бағыты және денсаулық сақтау саласының тәжірибелік саласы ретінде жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған алдын алу шараларын негіздеуге және дамытуға бейімделген. Ол қоршаған және әлеуметтік ортаның денсаулыққа жайлы және қатерлі себептерінің әсерін саралайды, өсетін организмге олардың әсерін бағалайды және болжайды. Авторлар ұжымымен «Мектеп медицинасы» элективтік пәні бойынша Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге



Шайхина Ж.К.
e-mail: zhanat_shajxina@mail.ru

Received/
Келін түсті/
Поступила:
14.04.2022

Accepted/
Басылымға қабылданды/
Принята к публикации:
26.05.2022

ISSN 2707-6180 (Print)
© 2021 The Authors
Published by West Kazakhstan Marat Ospanov
Medical University

құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы Куәлік 2021 жылғы 14 маусым № 18681 алынды.

Негізгі сөздер: Денсаулық сақтау саласы, білім беру бағдарламасы, мектеп медицинасы, жалпы медицина, элективті пән

Обучение элективной дисциплины «Школьная медицина» в рамках образовательной программы специальности «Общая медицина»

Ж.К. Шайхина, Г.Н.Талиева, В.Н. Приз, К.Е. Амреева, Г.А.Бакарамова
Медицинский университет Караганды, Караганда, Казахстан

Цель. В статье представлен анализ образовательной программы элективного предмета «Школьная медицина» для специальности «Общая медицина». В образовательной программе систематизированы конечные результаты обучения в соответствии с Дублинским дескриптором, обозначены цели и задачи обучения. Школьная медицина - основа профилактической медицины. В вузах основным документом является образовательная программа. В образовательной программе в краткой форме отражается структурное содержание дисциплины и реализуются цели, задачи, конечные итоги дисциплины, форма учебной работы, а также оценка достижения поставленных целей. Школьная медицина как научное направление медицины и практическая область здравоохранения, адаптирована к обоснованию и развитию профилактических мер, направленных на сохранение и укрепление здоровья подростков. «Школьная медицина» анализирует влияние окружающей и социальной среды на комфортные и опасные для здоровья причины, оценивает и прогнозирует их влияние на растущий организм. Коллективом авторов получено свидетельство о внесении сведений в государственный реестр прав на объекты, охраняемые авторским правом, по элективному предмету «Школьная медицина» от 14 июня 2021 года № 18681.

Ключевые слова: здравоохранение, образовательная программа, школьная медицина, общая медицина, элективная дисциплина

Кіріспе

Адам денсаулығын сақтау және нығайту бала өмірінің алғашқы күндерінен басталатын және барлық жас кезеңдерінде жалғастырылатын адамның жас және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, аурулардың туындауы мен олардың салдары қауіптерінің сыртқы және мінез-құлықтық факторларын төмендету жөніндегі профилактикалық іс-шараларға бағыттала-тын болады. Балалар мен жасөспірімдердің дене және психикалық денсаулығын қалыптастыруға, ата-аналар мен оқытушыларды балалар мен жасөспірімдердің психикасындағы тұрақсыздық, қауіпті суицидтік мінез-құлық белгілерін тани білуге, әлеуметтік қызметкерлерді, бейінді денсаулық сақтау қызметтерін (туберкулезге қарсы, наркологиялық, психиатриялық) тарта отырып, олармен, Ішкі істер бөлімінің учаскелік қызметтерінің және басқа да мүдделі органдардың (психологтар мен Ішкі істер министрлігі жүйесінің көмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлардың және т.б.) өкілдерімен одан әрі жұмыс тактикасына үйретуге бағытталған іс-шаралар айқындалатын және іске асырылатын болады [1-3].

Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта жоғарғы медициналық оқу орындарында білім алушыларды даярлау процесінде үлкен өзгерістер орын алуда. Пәндік аспект білім алушының білім беру бағдарламалары пәндерінің мазмұнын меңгеруін көздейтіндіктен, қазіргі заманғы оқыту процесінің әдістемесі білім берудің жоғары деңгейін қалыптастыру жағдайында білім алушы тұлғасының өзін-өзі

таныту тенденцияларына назар аударуды белгілейді. Танымдық іс-әрекет, пәнішілік және пәнаралық интеграция мәселелері өзекті болып, білім алушыға бар білімді басқа пәндерді оқуға тартуға, сонымен қатар жаңа білімді өз бетінше синтездеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты «Мектеп медицинасы» элективтік пәні болашақ дәрігерлерді даярлау жүйесінде ерекше орын алады, өйткені, осы пән – балалардың өмір сүру және өсу ортасы жағдайының қолайлығын анықтайтын және бағалайтын, сонымен қатар балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына және ішкі органдардың қызметтік жағдайына, физикалық даму дәрежесіне әсер етуін зерттейді. Мектеп медицинасы медицинаның ғылыми бағыты және денсаулық сақтау саласының тәжірибелік саласы ретінде жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған алдын алу шараларын негіздеуге және дамытуға бейімделген. Ол қоршаған және әлеуметтік ортаның денсаулыққа жайлы және қатерлі себептерінің әсерін саралайды, өсетін организмге олардың әсерін бағалайды және болжайды [4, 5].

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-ші қрз Кодексіне сәйкес қазіргі таңда оқушылардың денсаулығы бүкіл жұртшылықты алаңдатуда. Осыған байланысты Қарағанды медицина университетінің қоғамдық денсаулық және биомедицина мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамымен даярланған «Мектеп

медицинасы» элективті пәнді «Жалпы медицина» мамандығының білім алушыларды оқыту жүзеге асырылады. Авторлар ұжымымен «Мектеп медицинасы» элективті пәні бойынша Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы Куәлік 2021 жылғы 14 маусым № 18681 алынды.

Қазіргі таңда білім беру мекемелерінде медициналық қызмет көрсету саласын Білім беру министрлігінен Денсаулық сақтау министрлігіне ауыстырылды. Осыған орай, білім алушыларға ұсынылған «Мектеп медицинасы» элективтік пән дер кезінде оқытылып отыр деп санаймыз.

Оқушының денсаулығына деген қызығушылық соңғы онжылдықта айтарлықтай өсті, өйткені денсаулық көрсеткіштерінің нашарлау фактілері 6-18 жас аралығындағы мектеппен байланысты. Біздің мектеп оқушыларының біліміне қойылатын талаптар деңгейі үнемі өсіп келе жатқаны жасырын емес. Сонымен қатар балаларға жүктеме де өсуде. Егер бұрын осы жүктеменің рұқсат етілген шектерін анықтау үшін таза гигиеналық, жалпыланған өлшемдерді ескеру жеткілікті болса, онда бүгінгі күні организмнің мүмкіндіктерін оның конституциясы, преморбидті және морбидті қауіп факторларының болуы, саногенетикалық механизмдердің өміршеңдігі және басқа да клиникалық маңызды жағдайлар тұрғысынан жеке бағалау қажет. Бұл қазіргі қоғамды ХХІ ғасырға сәйкес келетін салауатты өмір салты идеологиясына сүйене отырып, түбегейлі жаңа деңгейде медициналық - педагогикалық ынтымақтастықты пәнаралық және салааралық өзара іс-қимыл. ұйымдастыру қажеттілігіне алып келді [6-9].

Мектеп медицинасы – профилактикалық медицинаның негізі болып табылады. Жоғарғы оқу орындарында негізгі құжат - білім беру бағдарламасы. Білім беру бағдарламасында пәннің құрылымдық мазмұны – қысқаша түрде көрсетіледі және де пәннің мақсаты, міндеті, соңғы қорытындысы, оқу жұмысының формасы, сонымен қатар қойылған мақсаттардың кол жетімділігін бағалаумен іске асырылады [10, 11].

Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау төңірегінде мектептегі медицина қызметкерлері мен мектеп әкімшілігіне жауапкершілік туындайды. Бұдан басқа мектепте оқушыларды тамақтандырудың бірыңғай стандарттары құрастырылып, және оқушылар арасында суицидтердің алдын алу бағдарламасы енгізілуде [12].

Элективті пән - «Мектеп медицинасы» (МЖБС) таңдау компоненті профильді пән болып табылады. Осы пәнді оқыту үшін 2 кредит бөлінген. Кредитті технологияда білім алушылардың көбінесе өзіндік жұмыстарының алар орны бөлек.

«Жалпы медицина» мамандығы бөлімінде «Мектеп медицинасы» деп аталатын қызметке дайындалған кадрлар келесі нақты міндеттерді шешуі керек:

- білім беру мекемесінің ортасы және оқу жүктемесіне байланысты пресс жағдайында бала мен

жасөспірімнің медициналық-психологиялық қалыптастыру бақылау;

- оқу жылы ішінде әр баланың психосоматикалық жағдайындағы жас және маусымдық асқынуларды болжау және уақтылы анықтау;

- балалар мен жасөспірімдердің саногенетикалық жүйесін бақылау; оның белсенділік деңгейін этиопатогенетикалық факторлардың белсенділігімен салыстыру;

- психосоматикалық күйдегі ауытқулары бар балаларды тексеруге уақтылы жіберу; осы жағдайға барабар емдеу-түзету шараларының схемасын таңдау;

- әлсіреген (бейімделмеген) балаларды, мүмкіндіктері шектеулі балаларды анықтау және олар үшін оқу процесіне қатысудың барабар режимін таңдау;

- қажетті ұйымдастыру іс-шараларын өткізе отырып, балаларға шұғыл көмек көрсету.

«Мектеп медицинасы» – балалардың өмір сүру және өсу ортасының жағдайын оқып үйрететін профилактикалық пән, сонымен қатар осы жағдайлардың өсетін организмнің денсаулығына және функционалды жағдайына әсер етуін зерттейді. Денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған ғылыми негіздер және практикалық шаралар, балалар мен жасөспірімдер организмнің дамуын ең қолайлы деңгейде сақтау болып табылады [6].

Пәннің мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің, жастардың денсаулығын сақтау және нығайтуды, құрудың заңнамаларын меңгеруге қажетті білімдерді қалыптастыру.

Оқытудың міндеттері:

қоршаған орта және балалар мен тұрғындар арасында денсаулықты сақтауды анықтаудың Қазақстан Республикасының заңнамалы актілерінің негізгі қағидаларын айтып беру.

- мектеп медицина сұрақтарында балалар тұратын балалардың іс- әрекеті мен орта факторларының принциптерін дұрыс түсіну үшін профилактикалық медицинаның теориялық, методологиялық негіздерін жетілдіру;

- тәжірибеде көзқарасты және білімді пайдалану: әртүрлі оқу-тәрбиелік, өндірістік орта факторларының өсуші организмге әсерінің сипаттамасын нықтау үшін бақылау әдісін қолдану, балалар мен жасөспірімдер физикалық дамуы және денсаулық жағдайын бағалауға бағытталған, зерделеудің әдістерін қолдану, денсаулықты сақтау және нығайтуда тәжірибелік дағдыларды көрсету, балалар мен жасөспірімдер қолайлы даму және қызметтерінің тиімді деңгейін қолдау;

- қорытындыларды қалыптастыру, идеяларды бағалау, пікірлерді енгізу: балалар тұрғындарының денсаулық жағдайын бағалау, балалар мен жасөспірімдерді оқыту және тәрбиелеуде қолайлы жағдаймен қамтамасыз ету үшін профилактикалық ұсынысты және сауықтыру шараларының кешенін ұсыну;

- өзіндік түсіну және ептілікті табыстау: арнайы оқу, анықтау, ғылыми ақпараттар туралы негізгі көздерді таңдау, тандалған көздерден алынған мәліметтерді талдау, оқып білу саласы бойынша ақпараттарды

бойынша өз пікірін білдіріп баяндамалар жасау.

Пәннің пререквизиттері экология және төзімділік дамуы, анатомия, физиология, қоршаған орта және денсаулық, қоғамдық денсаулық болып табылады. Постреквизиттер – бұл магистратураның пәндері. Оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптық жоспарына сәйкес келесі тақырыптарды оқиды: Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-ші қрз кодексі.

Мемлекеттік бағдарламасы және мектеп медицинасының өзекті мәселелері. Сырқаттанушылық көрсеткіштері, көп таралғандық, патологиялық зақымдану. Сырқаттанушылықты талдау көрсеткіштері. Денсаулық жағдайын кешенді бағалау. Балаларда денсаулық топтарын анықтау алгоритмі. Скрининг – бағдарламаны қолдану арқылы медициналық қарауды жүргізу әдістемесі. Мектеп жасындағы балаларда сырқаттанушылық көрсеткіштері. Зерттеу әдістері. Есепке алу формасы. Есеп беру формасы. Шынықтыру, оның физиологиялық мәні. Шынықтырудың негізгі принциптері. Дене тәрбиесін дәрігерлік бақылау. Оқушыларда функционалды ауытқулардың, аурулардың алдын алу. Балаларда мүсіннің бұзылуы, тірек-қимыл аппаратының деформациясының алдын алу. Оқушылардың көзін қорғау. Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу гигиенасы, кәсіптік білім беру. Мектепте гигиеналық тәрбиелеу және оқыту. Оқушылардың денсаулығын қорғауда санитарлық-ағарту жұмыстары. Балалар мен жасөспірімдерде салауатты өмір салтын қалыптастыру негіздері [13, 14].

Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының ақпараттық базасы келесі сұрақтарды меңгеруге бағытталған: Мектеп алды жасындағы (3 жасқа дейін) балаларда жастық анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Оларға тән аурулар, олардың алдын алу. Мектепке дейінгі (7-10 жас) балаларда жастық анатомиялық- физиологиялық ерекшеліктері. Оларға тән аурулар, олардың алдын-алу. Бастауыш сыныптардағы (7-10 жас) балаларда жастық анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Оларға тән аурулар, олардың алдын алу. Орта мектеп жасындағы (11-14 жас) балаларда жастық анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Оларға тән аурулар, олардың алдын алу. Жоғарғы сыныптардағы (15-18 жас) балаларда жастық анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Оларға тән аурулар, олардың алдын-алу. Мектептен тыс мекемелер. Жіктелуі. Мекемеде болу жағдайының және қызметін ұйымдастырудың санитарлық гигиеналық сипаттамасы. Балалар мен жасөспірімдерде ультракүлгін сәулелерінің жетіспеушілігінің алдын алу. Балалар мен жасөспірімдердегі алыстан көрмеушіліктің алдын алу. Балаларда жұқпалы аурулардың алдын алу негіздері. Балалар ұжымдарында инфекциялық аурулардың алдын алу. Иммунопрофилактика. Екпе түрлері. Қазақстан Республикасының алдын алу екпесінің күн тізбесі [15-17].

Пән бойынша дәрістер шолу және мәселелік түрінде болады. Тәжірибелік сабақтар семинар, жағдайлық есептерді шешу, TBL командалық-хабардар оқыту (TEAM – BASID EARNING) түрлерінде өткізіледі.

Оқытушылардың жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмысы 2 кредит бойынша тапсырмаларды орындау: жағдайлық есептерді шешу, сұрақтарға жауап беру, баяндамаларды дайындау, әдістемелерді меңгеру, жеке және топтық тапсырмаларды орындау нәтижесін талқылау.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы оқу-әдістемелік және ұсыныстармен жұмыс жасау, реферат, презентациялар дайындау, компьютерлік модельдермен және бағдарламалармен, Интернеттің электрондық базасының мәліметтерімен жұмыс жасау.

Білім алушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау әдістері

Пән бойынша аралық бақылау: жазбаша/ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу, орындалған тапсырмалардың нәтижесін безендіруін тексеру, кіші топтарда жұмыс жасау барысында өзін және топтық бағалау. Пән бойынша қорытынды бақылау: жазбаша емтихан.

Оқу процесінің ақпараттық базасы осы пәннің деңгейін меңгеруге сәйкес келеді және пәннің оқу әдістемелік кешенін қамтиды: жұмыс бағдарламалары, силлабус, дәрістер, тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік ұсыныстар, оқытушының көмегімен білім алушылардың өзіндік жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулар, білім алушылардың өзіндік жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулар, бақылау өлшеу құралдары, пәнді оқу әдістемесімен қамтамасыз ету картасы.

Мектеп медицинасы – профилактикалық медицинаға жатқандықтан бұл ғылыми бағыттың алдына қойған мақсаты балалар мен жасөспірімдердің өмір сүру ортасының жағдайы мен олардың іс-әрекетін, осы себептердің даму үстіндегі организмге және оның ішкі қызметтеріне, денсаулығына тигізетін әсерін кешенді түрде зерттеп, денсаулығын сақтауға және артыруға, ішкі органдардың қызметіне және организмнің дамуына жайлы жағдай жасауға бағытталған ғылыми және тәжірибелік шаралардың негізін қалау екендігі айқындалады. Бала денсаулығы көңіл бөлуді қажет етеді. Сол себептен «Мектеп медицинасы» пәні медициналық тәжірибенің әрі қарай әлеуметтік мағыналы мәселелерін зерделеуге [18, 19], пән аралық сипатпен фундаментальды білімнің қалыптасуына, тәжірибені игеру, профилактикалық медицина мен денсаулық сақтау сферасында кәсіби біліктілікті шыңдауға қажет және мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалаудың міндеттерін тиімді шешу мен қоғамда денсаулықты басқаруға бағытталған.

Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдер денсаулығы Білім беру ұйымдарында мектеп оқушыларына медициналық көмек көрсету, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын арттыруға ықпал жасау болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

- Баранов АА, Кучма ВР, Сухарева ЛМ, и др. Оценка здоровья детей и подростков при профилактических медицинских осмотрах. Руководство для врачей. Москва, 2004.
Baranov AA, Kuchma VR, Suxareva LM, i dr. Otsenka zdorovia detei i podrostkov pri profilakticheskikh meditsinskih osmotrah. Rykovodstvo dlia vrachei. Moskva, 2004. (In Russian)
- Кучма ВР, Милушко ОЮ, Бокарева НА, Скоблина НА. Современные направления профилактической работы в образовательных учреждениях. Материалы Пленума Научного совета по экологии человека и гигиене окружающей среды «Приоритеты профилактического здравоохранения в устойчивом развитии общества: состояние и пути решения проблем». 2014;93:6.
Kuchma VR, Milysheko OYu, Bokareva NA, Skoblina NA. Sovremennye napravleniia profilakticheskoi raboty v obrazovatelnykh uchrezhdeniiakh. Materialy Plenuma Nauchnogo soveta po ekologii cheloveka i gigiene okruzhaiushchey sredy «Prioritety profilakticheskogo zdoroovohraneniia v ystoichivom razvitiu obestva: sostoianie i pyti resheniia problem». 2014;93:6. (In Russian)
- Потупчик ТВ, Макаова МВ, Прахин ЕИ, Эверт ЛС, Бакшеева СС. Критерии оценки адаптации детей к высоким учебным нагрузкам. Гигиена и санитария. 2011;6:41–44.
Potupchik TV, Makaova MV, Prahin EI, Evert LS, Baksheeva SS. Kriterii otsenki adaptatsii detei k vysokim uchebnym nagruzkam. Gigiena i sanitariia. 2011;6:41–44. (In Russian)
- Бережков ЛФ. Состояние здоровья как гигиеническая проблема. Состояние здоровья детей дошкольного и школьного возраста и факторы его определяющие. 2011:94–96.
Berejkov LF. Sostoianie zdorovia kak higienicheskaia problema. Sostoianie zdorovia detei doshkolnogo i shkolnogo vozrasta i faktory ego opredeliaiye. 2011:94–96. (In Russian)
- Хамаганова ТГ. Основные аспекты проблемы нервно-психического здоровья школьников. Состояние здоровья детей дошкольного и школьного возраста и факты его определяющие. 2013;42–51.
Hamaganova TG. Osnovnye aspekty problemy nervno-psihicheskogo zdorovia shkolnikov. Sostoianie zdorovia detei doshkolnogo i shkolnogo vozrasta i fakty ego opredeliaiye. 2013;42–51. (In Russian)
- Кучма ВР, Сухарева ЛМ. Состояние и прогноз здоровья школьников. Российский педиатрический журнал. 2007;1:53–57.
Kuchma VR, Suxareva LM. Sostoianie i prognoz zdorovia shkolnikov. Rossiiskii pediatricheskii jyrnal. 2007;1:53–57. (In Russian)
- Баранов АА, Альбицкий ВЮ. Социальные проблемы педиатрии. Москва: Издательский дом «Династия», 2003.
Baranov AA, Albitskii Vy. Sotsialnye problemy pediatrii. Moskva: Izdatelskii dom «Dinastiia», 2003. (In Russian)
- Баранов АА, Кучма ВР, Сухарева ЛМ. Оценка здоровья детей и подростков при профилактических медицинских осмотрах. Москва: Издательский дом «Династия», 2004.
Baranov AA, Kuchma VR, Suxareva LM. Otsenka zdorovia detei i podrostkov pri profilakticheskikh meditsinskih osmotrah. Moskva: Izdatelskii dom «Dinastiia», 2004. (In Russian)
- Пальчун ВТ, Кафарская ЛИ, Гуров АВ. Отраслевые стандарты объемов медицинской помощи детям. Москва: АПП «Джангар», 2002.
Palchyn VT, Kafarskaia LI, Gyrov AV. Otrasleyve standarty obemov meditsinskoj pomoii detiam. Moskva: APP «Djanganar», 2002. (In Russian)
- Панков ДД, Кузнецова ИВ, Румянцев АГ. Диагностика и коррекция пограничных (преморбидных) состояний у детей и подростков в образовательных учреждениях (базисные представления и скрининг программы). Москва: МТО ХОЛДИНГ, 2003.
Pankov DD, Kyznetsova IV, Rymiantsev AG. Diagnostika i korrektsiia pogramichnykh (premorbidnykh) sostoianii y detei i podrostkov v obrazovatelnykh uchrezhdeniiakh (bazisnye predstavleniia i skrining programmy). Moskva: MTO HOLDING, 2003. (In Russian)
- Панков ДД, Кузнецова ИВ, Румянцев АГ. Руководство по выбору средств и методов внедрения здоровьесберегающих и оздоровительных технологий в деятельность образовательных учреждений, работающих по концепции «Школа здоровья». Москва: Издательство «Медпрактика», 2004.
Pankov DD, Kyznetsova IV, Rymiantsev AG. Rykovodstvo po vyboru sredstv i metodov vnedreniia zdorovesberegaiuyih i ozdoroivitelnykh tehnologii v deiatelnost obrazovatelnykh uchrezhdenii, rabotaiuyih po koncepcii «Shkola zdorovia». Moskva: Izdatelstvo «Medpraktika», 2004. (In Russian)
- Панков ДД, Румянцев АГ, Тростанецкая ГН. Медицинские и психологические проблемы школьников-подростков: разговор учителя с врачом. Москва: АПК и ППРО, 2003.
Pankov DD, Rymiantsev AG, Trostanetskaia GN. Meditsinskie i psihologicheskie problemy shkolnikov-podrostkov: razgovor uchitelia s vrachom. Moskva: APK i PPRO, 2003. (In Russian)
- Современные методы диагностики состояния здоровья детей школьного возраста: Методические рекомендации для врачей, педагогов и психологов, работающих в образовательных учреждениях. Под ред. Д.Д. Панкова. Москва: Московский центр качества образования, 2008; 208.
Sovremennye metody diagnostiki sostoianii zdorovia detei shkolnogo vozrasta: Metodicheskie rekomendatsii dlia vrachei, pedagogov i psihologov, rabotaiuyih v obrazovatelnykh uchrezhdeniiakh. Pod red. D.D. Pankova. Moskva: Moskovskii tsentr kachestva obrazovaniia, 2008; 208. (In Russian)
- Степанова ЛА, Яненко ВФ, Киселева ТА, Лесникова ЕИ. Фельдшер образовательных учреждений. Ростов-на-Дону: Феникс, 2003.
Stepanova LA, Ianenko VF, Kiseleva TA, Lesnikova EI. Feldsher obrazovatelnykh uchrezhdenii. Rostov-na-Dony: Feniks, 2003. (In Russian)
- Тимченко ВН, Леванович ВВ, Михайлов ИБ. Диагностика, дифференциальная диагностика и лечение детских инфекций. Санкт-Петербург: ЭЛБИ-Спб., 2004.
Timchenko VN, Levanovich VV, Mikhailov IB. Diagnostika, differentsialnaia diagnostika i lechenie detskikh infektsii. Sankt-Peterbyrg: ELBI-Spb., 2004. (In Russian)
- Панков ДД. Школьно-дошкольная медицина (медицина преморбидных, пограничных состояний). Москва: Московский центр качества образования, 2008;176–185.
Pankov DD. Shkolno-doshkolnaia meditsina (meditsina premorbidnykh, pogramichnykh sostoianii). Moskva: Moskovskii tsentr kachestva obrazovaniia, 2008;176–185. (In Russian)
- ЮНЕСКО/ПРОАП. Региональная расчетная палата по образованию населения и коммуникации (ЮНФПА). Стратегии коммуникации и пропаганды: репродуктивное и сексуальное здоровье подростков. Буклет 3, извлеченные уроки и руководство. — Бангкок, Таиланд: ЮНЕСКО, 2001.
IyNESKO/PROAP. Regionalnaia raschetnaia palata po obrazovaniiu naseleniia i kommynikatsii (IyNFPA). Strategii kommynikatsii i propagandy: reprodýktivnoe i seksýalnoe zdorove podrostkov. Byklet 3, izvlechennyye yroki i rykovodstvo. — Bangkok, Thailand: IyNESKO, 2001. (In Russian)
- Cohen JE, Bloom DE, Malin MB, Curry HA. Universal Basic and Secondary Education Educating All Children. Cambridge, MA, MIT Press, 2007.
- Weissberg R, Resnik H, Payton J, et al. Evaluating Social and Emotional Learning Programs. Educational Leadership. 2014;46–50.